

Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай белгілеу туралы)

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 498 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 шілдеде № 5555 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 816 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 22.06.2017 № 816 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11094 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "23" маусым
№ 498 қаулысына қосымша

Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 15.09.2016 № 581 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Аудан (қала) атауы	Барлық субсидия көлемдері, мың теңге	оның ішінде	
		күріш	басқа дақылдар
Жаңақорған	319 552,938	134 070,000	185 482,938
Шиелі	279 605,152	178 760,000	100 845,152
Сырдария	398 393,012	311 346,292	87 046,720
Жалағаш	443 426,745	323 555,600	119 871,145
Қармақшы	320 135,906	248 798,168	71 337,738
Қазалы	172 873,272	119 232,920	53 640,352
Арал	1 137,320		1 137,320
Қызылорда қаласы	64 875,655	48 175,820	16 699,835
Барлығы	2 000 000,000	1 363 938,800	636 061,200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК